

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ересек жас

Балалардың жасы: 4-5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</p> <p>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</p> <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құрастарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және кимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, кимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты кимылдар.</p> <p>Би кимылдарын, ойындағы музыкалық кимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың кимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүтіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, кимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың сканді бөлігінде кимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес</p>

өртүрлі қарқынмен секіру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған өртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Билер.

Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен сәлдік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

Қазактын ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету.